

8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
 Диссертациялық кеңеске ұсынған Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның  
 «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында жазылған диссертациясына  
**ресми рецензент Шуншина Шолпан Мырзакасымовнаның**  
 жазбаша пікірі

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация</p>	<p>«Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы <i>ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес.</i></p> <p>Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын «ҚР мектепке дейінгі, орта, кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарына бағытталған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын басшылыққа алған.</p> <p>Бұл бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының бірлестігінің бүгінгі таңда маңыздылығы мен қажеттілігінің мемлекет тарапынан қойылып отырған міндеттер екендігін айқындай түспек.</p> <p>А. Ансабаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.</p>



		Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс қазіргі таңда ғылымға елеулі үлесін қосатын өзекті мәселе қатарында болғандықтан маңыздылығы ашылған келесі ғылыми жаңалықтарды қамтыған: <i>Бірінші ғылыми нәтиже негізділігі</i> бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделген, ғылыми генезисі зерделенген. <i>Екінші ғылыми нәтиженің маңыздылығы</i> бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген. <i>Үшінші ғылыми нәтиже зерттеу болжамын дәлелдеуде</i> бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделген. <i>Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі</i> бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні енгізілген, «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленген, «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы әзірленген. Алынған нәтижелер ғылымға өзінің елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның диссертация тақырыбы аясында жүргізген зерттеулері дербес, өзекті, тұтас және аяқталған, жоғары деңгейде орындалған жұмыс болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде: бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара



	<p>1) <u>негізделген</u>;  2) <u>жартылай негізделген</u>;  3) <u>негізделмеген</u>.</p>	<p>әрекеттестігіне қоғамның объективті сұранысы мен бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне педагогтардың даярлығының жеткіліксіздігін, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі іс жүзінде ескерілмей келе жатқанын, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы ғылыми-теориялық және педагогикалық-практикалық материалдардың зерттелмеуі т.б. мәселелерді айқындап, зерттеу тақырыбының <i>өзектілігін негіздей білген</i>.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) <u>айқындайды</u>;  2) <u>жартылай айқындайды</u>;  3) <u>айқындамайды</u></p>	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысына талдау жүргізу барысында, зерттеудің мазмұны яғни, бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің қазіргі жағдайы талданып, теориялық моделі әдістемесі әзірленген және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеру арқылы диссертацияның тақырыбын <i>нақты айқындалған</i>.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>;  2) <u>жартылай сәйкес келеді</u>;  3) <u>сәйкес келмейді</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың келесі мақсат міндеттері <i>тақырыпқа сәйкес екендігі дәлелдейді</i>.  <i>Зерттеудің мақсаты</i> – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуді теориялық негіздеп, әдістемесін әзірлеу және эксперимент жүзінде тексеру.  <i>Зерттеудің міндеттері:</i>  - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін теориялық тұрғыдан негіздеу, ғылыми генезисін зерделеу;  - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;  - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттарын негіздеу.  - Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесін дайындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар бер</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда <i>тол</i></p>



		мен кұрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық</u> байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	<i>байланысқан.</i> Алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері келтірілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген және сыни талдауларға негізделген. Оған автордың бастауыш сыныптың тәрбие үдерісінде «Тәрбиелі бала» тұжырымдамасы, 4-сыныптарға арналған «Ұлағат» арнайы курсы, «Мектеп» сайтына орналасқан «Ата-аналар мектебі» қосымшасы, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына ұсынылған «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні ашық онлайн курс дәлел бола алады. Зерттеудің бұл тәжірибелік бөлімі бұдан әрі жоғары және арнаулы оқу орындарының тәжірибесінде болашақ және қазіргі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, ретінде қолданылуға мүмкіндік беретіні анық.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар толығымен жаңа</i> болып табылады. Атап айтсақ: - <i>бірінші нәтиже жаңа</i> , себебі бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық негіздері айқындалған, «Өзара әрекеттестік» және «Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» ұғымдарының анықтамасына талдау жасалынған, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі нақтыланған. - <i>екінші нәтиже жаңа</i> , бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде қалыптастыруды құрылымдары, өлшемдері мен деңгейлер нақтыланған; - <i>үшінші нәтиже жаңа</i> , себебі бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі жүзеге асыру жолдары нақтыланады



			<p>бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделген;</p> <p>- <i>төртінші нәтиже жаңа</i>, себебі бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілген, ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындыларды толығымен жаңалық ретінде қарастыруға болады. Диссертацияның сенімділік дәрежесі педагогикалық эксперимент нәтижелерімен жұмыстардың сипатымен дәлелденген. Докторанттың жұмысын аяқталған, <i>толығымен жаңа</i> ғылыми - зерттеу деп есептеуге болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі <i>толығымен жаңа</i> және негізделген.</p> <p>Ол зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар, ендіру актілері және педагогикалық эксперимент нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде <i>негізделіп</i> диссертант негізгі нәтижелерін 19 мақалада жариялаған. Оның ішінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын (WoS, Scopus ғылыми журнал басылымында, 3 мақала ҚР ҒжЖБ министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ет. комитеті ұсынатын басылымдарда, 6 мақала шетелдік басылымдарда, 7 мақала халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланған және 1 оқ құралы, 1 электронды оқулық әзірленіп, авторлық куәлік алынған.</p>
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша	Ансбаева Айнур Дуйсеновнаны



<p>шығарылған негізгі қағидаттар</p>	<p>келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған қағидалары:</p> <p>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі педагогикалық жүйе элементтері арасында байланыс орнату: ақпараттық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, коммуникативті байланыс, басқару және өзін-өзі басқару байланысына негізделеді, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және төмендегі мақалаларда дәлелденген, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және төмендегі мақалаларда <i>дәлелденген</i>:</p> <p>1. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. №4/60. – Алматы, 2018. 338-343 бб:</p> <p>2. Взаимодействие школы и семьи в процессе воспитания младших школьников// Сборник статей IX международной научно-практической конференции «Научная дискуссия современной молодежи: актуальные вопросы, достижения и инновации». – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2019. С. 92-94:</p> <p>3. Оқушыларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2019. 52-57 бб:</p> <p>4. Влияние семьи на развитие личности. Научные исследования в современном мире: теория, методология, практика / Сборник статей по материалам международной научно-практической конференции. В 3 ч. Ч.3/ – Уфа: Изд. НИЦ Вестник науки, 2019. С. 78-83:</p> <p>5. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының әрекеттестігі “Science and education in the modern world: Challenges of the xxi century” атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Нұр-Сұлтан. 2019 144-147 бб.</p> <p>- Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі оқушының отбасы мен мектептің катынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын ізгілі бағытта байланыстыратын тәрбие құрылымы болып нақтыланады, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және төмендегі мақалаларда <i>дәлелденген</i>:</p> <p>1. Қазіргі мектеп жағдайындағы ата-аналармен жұмыс, «Ұлт құндылығы - ұрпақ өзегі» атты</p>
--------------------------------------	--	--



		<p>Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Талдықорған, 2019. 83-87 бб;</p> <p>2. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының ынтымақтастығы. «Глобальная наука и инновация 2020: Центральная Азия» № 6 (11). – Нур-Султан. 2020. 23-27 бб;</p> <p>3. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №5/3. – Алматы. 2020. 169 -176 бб;</p> <p>4. Школа, как институт стимулирования социализации обучающихся «Социальный педагог – исследователь» Российский государственный социальный университет, Сборник научных работ аспирантов и магистрантов, Москва. 2020. С.155-160.</p> <p>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде беріледі, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және төмендегі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі: теориялық және әдіснамалық мәселелер. "Innovation Management and Technology in the Era of Globalization": Materials of the VII International Scientific-Practical Conference. Volume II. – London, UK. 2020. С. 155-159;</p> <p>2. Герои Великой Отечественной войны – пример в духовно-нравственном и патриотическом воспитании. «Педагогика патриотизма в Великой Отечественной войне» международная научно-практическая конференция XXIII социально педагогического чтения, посвященные 75 летию победы в Великой Отечественной войне. – Москва, 2020. С. 78-83;</p> <p>3. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. №3/62. Атырау, 2021. 46-56 бб;</p> <p>4. Реализация воспитательной деятельности условиях дистанционного обучения: Преподавание физической культуре безопасности жизнедеятельности и биологии образовательных организациях с учетом реализации моделей смешанного обучения. Материалы международного форума. Екатеринбург. 2021. С. 27-33;</p>
--	--	--



		<p>5. Қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыру. «Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау» - республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 74-76 бб.</p> <p>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі әдістемесінің тиімділігі және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және төмендегі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1. Қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыру. «Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау» - республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 74-76 бб;</p> <p>2. Студент жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері. Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Борибекова Фарзана Борибековнаның 70 жас мерейтойына арналған «Білім берудің заманауи тәжірибесі және болашағы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 9-12 бб;</p> <p>3. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің технологиясы //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. – Алматы. 2022. 285-297 бб.</p> <p>4. Technology of Interaction Between School and Family in the Education of Primary School Age Children, American Behavioral Scientist Mailybaeva, G., Utegulov, D., Temerbayeva, Z. Nugmanova, F. 2023. L.1-13;</p> <p>5. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: оқу құралы /Ансабаева А.Д. Мардахаев Л.В., Майлыбаева Г.С. - Талдықорған: Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің баспа бөлімі, 2022. - 113 б. ISBN 978-601-216-809-9;</p> <p>6. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: электронды оқу құралы/Ансабаева А.Д., Мардахаев Л.В</p>
--	--	---



			<p>Майлыбаева Г.С. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2022. – 123 б;</p> <p>7. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ғылыми туынды/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «4» мамыр 2022. № 25786;</p> <p>8. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «5» мамыр 2022. № 2585.</p> <p>Сонымен бірге «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс бағдарламасы, «Ата-аналар мектебі» сайты.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Докторант Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның зерттеу жұмысындағы әдістемелік аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген.</p> <p>Докторант алынған ғылыми қорытындыларды, нәтижелер мен ұсыныстарды негіздеуде белгілі ғылыми әдістерді орынды қолданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- білім берудегі жаңа әдістер мен тәсілдерді анықтау мақсатында қазақстандық білім беру жүйесіндегі ҚР ОАМ нормативтік құжаттарын және зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиеттерді талдау;</li> <li>- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы педагогикалық практикалық бағдарламаларын талдау;</li> <li>- педагогикалық эксперимент нәтижелерін сандық бағалаудың математикалық статистика әдістері.</li> </ul>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Докторант зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенін анықтаған: теориялық әдістер (зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік, философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді, тақырыпқа қатысты диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау); эмпирикалық әдістер (жалпы білім беретін мектептердің құжаттарын қарау және талдау; педагогикалық бақылау жасау; сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу, әңгіме, педагогикалық-эксперимент); статистикалық әдістер (зерттеуде алынған</p>



			мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді математикалық өңдеу әдістері).
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясы, №4 орта мектебі, №17 орта мектебі және №21 орта мектептерде жүргізілген педагогикалық-экспериментпен негізінде дәлелденген. Жүргізілген жұмыстар диссертацияның қосымшасында келтірілген оқу процесіне ендіру актілерімен дәлелденеді. Педагогикалық-эксперимент нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұқаулықтар, Интернет ғаламдық желісінің парақшалары, журналдар мен конференция жинақтары, ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жариялаған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 171 библиографиялық сипаттамадан тұрады және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен нормативтік-құқықтық құжаттардың тізімі келтірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделген, оны практикада қолданудың мүмкіндіктері нақтыланған.



		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p><i>Диссертанттың зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:</i></p> <p>«Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленген, «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылған және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі дәлелденген.</p> <p>«Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында оқу құралы, - «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында электронды оқу құралы, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні, «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курс әзірленіп І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелді. Зерттеу нәтижелерін бастауыш, орта және жоғары білім беру үдерісінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен <i>жаңа болып табылады.</i></p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған.</p> <p>Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса – жауапкершілік және академиялық тазалық ұстанымдарын басшылыққа алынған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес.</p>

**Шешім:**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде докторант Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін дайындалған «Бастауыш сынып



оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың орындалуы, теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған ғылыми нәтижелері бойынша ресми талаптарды толығымен қанағаттандыратын, әрі өз бетінше жеке орындалған, аяқталған ғылыми еңбек болып табылғандықтан, философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,  
п.ғ.к., доцент  
Б. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы



Ш.М. Шуиншина